

ӘОЖ: 811.512.122:378:37.091.3

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

З. Б. Үмбеталина, филология ғылымдарының кандидаты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында өздік жұмыстарды ұйымдастырдың мәні мен маңызы арта түседі. Өйткені бұл жұмыс түрі студенттердің оқу материалдарын кеңейтуіне және бекітуіне, креативтік және интерактивтік қабілеттерін дамытуға, практикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Мақалада кредиттік оқыту технологиясы жағдайында студенттердің өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастырудың әдістемелік қырлары қарастырылып, қазақ тілін оқыту барысында қолданылып жүрген өзіндік жұмыстардың жаңа тиімді түрлері сипатталады.

В условиях кредитной технологии обучения повышается значение и статус самостоятельной работы студентов, способствующий расширению и закреплению учебного материала, развитию креативности и интерактивности, формированию практических навыков. В данной статье рассматриваются методические аспекты эффективной организации самостоятельной работы в условиях кредитной технологии обучения, описываются новые формы самостоятельной работы студентов, используемые при изучении казахского языка.

In conditions of credit technology of education the role and status of independent work of students increases, helping to expand and fix educational material, develop creativity, interactivity, formation of practical skills. Methodical aspects of effective organization of IWS in conditions of credit technology of education are considered in the article; new forms of IWS used at study of Kazakh Language are described.

Білім берудің қазіргі жағдайында қазақстандық жоғары мектеп жүйесінің алдында тұрған басты мақсат азаматтардың жоғары білім алуға деген сұраныстарын барынша қанағаттандыру, ұсынылатын білім беру қызметінің сапалық деңгейін арттыру, бәсекеге қабілетті әлемдік деңгейдегі мамандар даярлау болып отыр. Бүгінгі күні отандық білім беру жүйесінің еуропалық білім беру кеңістігіне кірігуіне алғашқы қадамдар жасалуда. Мәселен, еліміздің Болон декларациясына қосылуы, Қазақстанның бірқатар білім беру ұйымдарының (соның ішінде біздің Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың да) Университеттердің Ұлы хартиясына қол қоюы, оқу орындарының кредиттік оқыту технологиясына көшуі – осындай маңызды қадамдар қатарында.

Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында білім алу негізінен өз бетінше ізденіске негізделгендіктен, оқыту үдерісі барған сайын шығармашылық сипат алып келеді. Сондықтан бүгінгі күні білім алушының қажетті білім жиынтығын игеріп қана қоюы жеткіліксіз, ол сонымен қоса, өзінің тұлға ретінде дамуының деңгейін көрсететін нақты дағдылар мен шеберліктерді меңгеруі қажет. Бұл жұмыс оқытушыдан ең алдымен өз ісіне деген үлкен жауапкершілікті, үздіксіз ізденісті талап етері сөзсіз. Оқу бағдарламасында қамтылған оқу материалдарын студенттердің өзіндік жұмыстарын сәтті ұйымдастыру арқылы меңгерту үшін, сондай-ақ оларды шығармашылықпен ойлауға, өз қабілеттерін дамытуға, дүниетанымдарын кеңейту бағытында үнемі жұмыстануға баулу үшін оқытушының қолында білім алушыларға осы мақсатқа жету жолында көмектесетін әдістемелік материалдар мен құралдар барынша мол болуы қажет.

Жоғарыда кредиттік оқыту технологиясы студенттердің өздік жұмыстарына негізделетінін көрсеттік. Олай болса, осыдан дәстүрлі оқыту түрінен кредиттік оқыту технологиясына көшуде білім алушылардың өздік жұмыстарына басымдылық беру және бұл жұмысты тиімді ұйымдастыру әдістемесін іздестіру қажеттігі туындайды.

Қазіргі жағдайда өздік жұмыс деген ұғым оқу-танымдық үдерістің барлық іс-әрекеттік белгілерімен сипатталады. Бұл студенттерді оқытудың ерекше түрі ғана емес, сонымен қатар оларды жоғары оқу орнында жалпы өзіндік танымдық іс-әрекетке қатыстырудың басты құралы болып та табылады. Осылай болғандықтан да студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді.

Білім беруді ұйымдастырудың негізгі принципі оқу үдерісі болғандықтан, ол, яғни оқу үдерісі, студенттердің міндеттемелерін үздіксіз кеңейте отырып, оқу-танымдық іс-әрекетін біртіндеп олардың дербестігі мен жауапкершіліктерін арттырумен сипатталатын кәсіби іс-әрекетке ауыстыру принципіне негізделіп құрылуы тиіс.

Студенттердің өздік жұмыстары білім беру сапасын арттыруға, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және жаңа білімді үздіксіз алуға деген ұмтылысын тудыруға түрткі болады.

Студенттердің өздік жұмысын біз білім алушылардың оқытушының берген тапсырмасы бойынша және оның әдістемелік басшылығымен орындайтын, алайда оқытушының тікелей қатысуынсыз жүзеге асыратын жоспарлы жұмысы деп түсінгеніміз жөн.

Студенттердің танымдық іс-әрекетінде өздік жұмысының алатын орны айрықша. Өзіндік оқу жұмыстарына қызығушылықты және осындай жұмыстарды орындай білу дағдысын қалыптастыру білім беру ісінің маңызды міндеттерінің бірі болып қалып отыр. Студенттер үшін берген білімді алып қана қоймай, сол білімге өздері, өзіндік ізденістері арқылы қол жеткізу тәсілдеріне үйрену аса маңызды, яғни студенттерді білім алу тәсілдеріне баулу керек [1]. Себебі, бүгінгі өзгермелі, қарқынды дамып келе жатқан заманда «өмір бойынша жетерлік» біліммен қарулану мүмкін емес. Сондықтан оқытушының өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыра отырып көздейтіні – болашақ маманды «өмір бойы оқып-үйренуге», заман талабынан артта қалмай, өз бетінше ізденіс арқылы кәсіби, адами, рухани жетілуге баулу.

Студенттердің өз бетінше білім алу дағдысын қалыптастыруға бағытталған оқу үдерісін ұйымдастырудың мынадай ерекшеліктерін атауға болады:

- ✓ оқытудың іс-әрекеттік сипаты;
- ✓ оқытудың проблемалық сипаты;
- ✓ рефлексия негізінде өз бетінше білім алу принципі;
- ✓ жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану.

Оқытушы мен студенттің өзара әрекетінде басты көзделетіні – студенттің оқыту мақсатын өзін-өзі дамыту мақсаты ретінде қабылдауы. Осының нәтижесінде студенттер өз танымдық белсенділіктерін репродуктивтік іс-әрекеттен шығармашылық іс-әрекетке қарай үдемелі дамыту үшін қажетті іс-әрекет тәсілдерін меңгеретін болады [2].

Студенттердің өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін жоғары оқу орнының оқытушысы бұл жұмысты ұйымдастырудың принциптерін білуі және сақтауы қажет:

- ➔ жүйелілік және бірізділік принципі;
- ➔ белсенділік принципі;
- ➔ әр білім алушыға жеке көзқарас принципі;
- ➔ қолжетімділік принципі;
- ➔ көрнекілік принципі;
- ➔ уақытты ғылыми негізді есептеу және үй тапсырмасын мөлшерлеу принципі [3].

Оқытушы студенттердің өздік жұмыстарын жобалау кезінде студенттерге олардың өз қабілеттерін барынша көрсетуі үшін болашақ мамандығына қажет дағды-шеберліктерді қалыптастыруға ықпал ететін өздік оқу және шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін ұсынуы аса маңызды.

Кредиттік оқыту технологиясы бойынша өздік жұмыстары оқытылатын курстың жалпы еңбек сыйымдылығының үштен екі бөлігін құрайды. Олай болса, осындай көлемді жұмыс түрін дұрыс және тиімді ұйымдастыру мәселесі де бүгінгі таңда аса өзекті.

Кредиттік оқыту технологиясы жағдайында аудиториялық жұмыс көлемінің азаюы студенттердің өздік жұмыстарының мәні-маңызын арттырып отыр. Өздік жұмыстарын белсенді жүргізу оқу материалын ұлғайтуға және бекітуге, креативтілік пен интерактивтілікті дамытуға, практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. Сондай-ақ студенттердің ғылыми әдебиеттермен, ақпараттық қорлармен жұмыс жасай алу шеберлігін дамытады. Сондықтан бұл

жұмыс түрін ұйымдастыруда оларды өз бетінше жұмыс жасауға, өздік жұмыстар тапсырмаларын жауаптылықпен орындауға уәждеу аса маңызды.

Уәждеудің үш түрі белгілі: сыртқы, ішкі және процессуалдық уәждеу.

Еліміздің қазіргі даму жағдайында мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына байланысты процессуалдық уәждеу кеңінен қолданылады. Бұл уәждеу студенттердің орындалатын өздік жұмыстарының олар үшін пайдалылығы мен маңыздылығын түсінуіне негізделеді.

Орыс тілді аудиториядағы қазақ тілі пәні бойынша студенттердің өз бетінше жұмысын ұйымдастыруда өздік жұмыстың дәстүрлі түрінен басқа жаңа түрлері де кеңінен қолданылады. Мәселен, іскерлік ойынына, пікірталастарға дайындық, студенттер жұмыстары бойынша пікір жазуды тапсыру, глоссарий құру, ғылыми шолу жасауға дайындық, мақала әзірлеу, сын-пікір беру, жоспар құру, слайдтар әзірлеу, бүктемелер жасау, тезис құру және т.б. СӨЖ бойынша орындауға ұсынылатын тапсырмалар, әдебиеттер, дереккөздер, СӨЖ бойынша кеңес беру кестесі сипатта көрсетіледі.

Бұл жұмыс түрлерін дұрыс, тиімді жоспарлау және ұйымдастыру үшін мыналар қажет:

- ⇒ студенттердің СӨЖ-ін оқу-әдістемелік қолдауды және берілетін тапсырмалардың жеке сипатта болуын қамтамасыз ету;
- ⇒ СӨЖ тапсырмаларын оқу жылының басында беру;
- ⇒ ағымдағы және аралық бақылау түрлерін тыңғылықты әзірлеу;
- ⇒ СӨЖ бойынша кеңестердің уақытын белгілеу.

Сондай-ақ, оқытушы белгілі бір талаптар қоя отырып студенттерді өз бетінше орындауға берілген үй тапсырмаларын орындау қажеттігіне, СӨЖ тапсырмаларын уақытында тапсыруға және СӨЖ-ді жауапкершілікпен орындауға бағыттауы тиіс.

Өзіндік жұмыстардың мынадай қызметтерін атап кету орынды: тәрбиелік, дидактикалық, креативтілік және қалыптастырушылық. Тәрбиелік қызметі студенттердің өзіне талап қойып, ісіне жауапкершілікпен қарауына, уақытын тиімді пайдалануына, яғни өзін-өзі тәрбиелеуіне ықпал жасауынан көрінсе, дидактикалық қызметі теориялық және практикалық оқу материалдарын студенттердің өздігінен оқып-үйрену арқылы білім-білік дағдыларын қалыптастыруына ықпал етуінен көрінеді. Ал студенттің оқуға уәжін арттырып, танымдық белсенділігін туғызуы, шығармашылық қабілеттерін дамытуға әсер етуі СӨЖ тапсырмаларының креативтілік қызметін анықтайды. СӨЖ-дің аталған қызметтерінің өз деңгейінде жүзеге асуы арқылы студент жеке тұлға ретінде қалыптаса алады. Бұл өзіндік жұмыстардың қалыптастырушылық қызметі болып табылады [4].

Орыс тілді аудиторияның бірінші курс студенттеріне қазақ тілі пәнінен берілетін СӨЖ тапсырмалары жоғары курс студенттері орындайтын СӨЖ-ден көлемі жағынан да, күрделілігі жағынан ерекшеленеді. Әр курстағы СӨЖ мақсаты студенттердің СӨЖ орындау тәжірибесімен және оқытылатын пәннің алдына қойған мақсат-міндеттерімен анықталады. Орыс тілді студенттерге қазақ тілінен берілетін өздік жұмыс тапсырмалары негізінен практикалық сабақтарда алынған білім-дағдыларын кеңейтуге және бекітуге бағытталады. Мәселен, өтілген тілдік немесе лексикалық материал бойынша сөзжұмбақ құрастыру (ұлы адамдар өмірі мен шығармашылығы, өлке тарихына, оқу орнының тарихы, грамматикалық тақырыптар т.б.), белгілі бір тақырып бойынша әдебиеттерге шағын шолу әзірлеу (басылымдар мен интернет материалдарын пайдалану арқылы); сөздіктерді пайдалана отырып белгілі бір терминдер мен ұғымдардың мағынасын түсіндіру бағытындағы жұмыстар – глоссарий жасау, тақырыптық бүктемелер әзірлеу (өлкетану материалдарын пайдалана отырып өздері оқитын қаланың көрнекті жерлері, ескерткіштері, өндіріс орындары, арнаулы орта және жоғары білім беру мекемелері туралы т.б.); тақырыптық көрмелер мен театр қойылымдарын топтық тамашалаудан соң, алған әсерлері туралы жазбаша пікір дайындау; презентация әзірлеу, топтық жоба дайындау т.б.

Оқу бағдарламасы бойынша қазақ тіліне бөлінген 6 кредиттің соңғы үш кредиті ғылыми стиль жанрларын оқып-үйренуге арналған материалдарды қамтиды. Бағдарламада студенттердің өз бетінше жұмыс істей білу қабілеттерін қалыптастырып, дамытуға ықпал ететін түрлі оқу материалдары қарастырылған. Мәселен, «Мәтін және оның түрлері», «Конспект және оның түрлері», «Тезис және оның түрлері», «Мәнжазба», «Пікір. Аннотация», «Ғылыми конференция» т.б. тақырыптары. Аталған тақырыптар бойынша мәтінмен

жүргізілетін өзіндік жұмыстар ретінде жоспар құру, тезис құрастыру, конспектілеу, пікір жазу, мәнжазба дайындау, аннотация беру т.б. тапсырмалар орындауға беріледі.

Көрсетілген жұмыс түрлері сондай-ақ оқулықтармен, оқу құралдарымен, анықтамалық әдебиеттермен жүргізілетін алуан жұмыстар арқылы жүзеге асырылады.

СӨЖ тапсырмаларын сабақтан тыс орындау үшін осы сипаттағы жұмыстардың аудиторияда, яғни сабақ үстінде орындалуы аса маңызды. Мәселен, конспектілеуді алайық, ол – алдын ала күрделі дайындық жұмыстарын талап ететін өздік жұмыс түрі. Конспектілеу үшін студенттердің мынадай дағды-шеберліктерді меңгеруі қажет: мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу; мәтіннің мағыналық бөлімдерін анықтау; мәтіннің мағыналық бөлімдеріне тақырып таңдау; мәтінге жоспар құру; мәтін абзацтарына тірек сөздер таңдау; сөйлемдерді, абзацтарды, мәтінді қысқарту.

Конспектілеу амалдарына үйрету үшін аудиториялық өздік жұмыстары ретінде мынадай жаттығу тапсырмалары орындалады: 1. Мәтінді оқыңыздар. Мағыналық бөлімдерге бөліңіздер. 2. Мәтін үзіндісін қысқаша мазмұндаңыздар. 3. Еркін диктант жазыңыздар.

Студенттерге конспектілеу жұмыстарында пайдалану үшін мынадай нұсқау тапсырмаларын беруге болады: 1. Мәтінді оқып шығыңыздар. 2. Тақырыбын анықтаңыздар. 3. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар. 4. Мәтіннің негізгі ақпараттық және қосымша ойын ажыратыңыздар. 5. Бірінші абзацты оқыңыздар. 6. Негізгі ақпараттық және қосымша ойын ажыратыңыздар. 7. Абзацтан тірек сөздерді таңдаңыздар. 8. Абзацтың қысқаша нұсқасын жазыңыздар.

Мұндай аудиториялық СӨЖ студенттердің тапсырманы өз бетінше орындай алу мүмкіндігін анықтап қана қоймай, сонымен бірге олардың тапсырмаларды өз бетінше орындау дағдыларын дамытады, сонымен қатар оқытушыға өздік жұмыстарын студенттердің тілдік дайындығы мен СӨЖ орындау дағдыларына сәйкес жеке-даралық сипатта іріктеуге көмектеседі. Осылайша іріктеліп, силлабуста көрсетілген СӨЖ тапсырмалары студенттерге оқытылатын пән курсының оқу үдерісі жөнінде бағдар-бағдар беріп, осы үдеріске олардың саналы түрде қатысуына мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, СӨЖ тапсырмаларының дұрыс іріктелуі және орындау мақсатының алдын ала хабарлануы студенттердің өзіндік жұмыстар бойынша іс-әрекетін орыс тілді аудиториядағы қазақ тілі курсының мақсатына сәйкестендіріп, күтілетін нәтижеге бағыттайтын болады.

Қорыта айтқанда, кредиттік оқыту технологиясы жағдайындағы студенттердің өздік жұмыстары тіл пәндерін оқытуда да оқу үдерісінің негізі саналады. Орыс тілді аудиторияда қазақ тілін оқыту барысында тиімді және әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастырылған СӨЖ болашақ мамандардың мамандық тілін меңгеруіне, қазақ тіліндегі әдебиеттермен өз бетімен жұмыс істеу білігін мақсатты түрде, бірізді дамытуға мүмкіндік береді және студенттердің жалпы танымдық іс-әрекетін дамытуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдурахитов, О. Т. Педагогические условия организации самостоятельной работы студентов / О. Т. Абдурахитов, А. Б. Турдина. // Материалы Международной научно-практической конференции «Образование и наука: опыт и перспективы сотрудничества Казахстана и России» – Семипалатинск. – 2008. – 6-8 б.

2. Гашенко, С. А. Развитие самостоятельности у студентов при обучении в вузе / С. А. Гашенко // Стандарты и мониторинг в образовании. – 2006. – №6. – 53-55 б.

3. Пидкасистый, П. И. Самостоятельная познавательная деятельность в обучении / П. И. Пидкасистый. – М. : Педагогика. – 1980. – 240 б.

4. Досжанова, Б. А. Кредиттік оқыту технологиясы және студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері / Б. А. Досжанова // Білім. Образование. – 2010. – № 1 (49). – Б. 14-16.